



Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында БҚО ашық чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты

- Облысымыздағы спорттық бағдарлауды насихаттау;
- Бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту;
- Жастар мен студенттер арасында спортты насихаттау;
- Жаттықтырушылар мен спортшылардың шеберліктерін шыңдау;
- БҚО құрамасына спортшыларды іріктеу.

II. Жарысты өткізуге басшылық

Жарысты ұйымдастыру мен өткізу бойынша жалпы басшылықты және тікелей өткізу Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі. Жарыс Қазақстан Республикасының спорттық бағдарлаудан жарыстар өткізу және IOF ережесіне сай өтеді. Қатысушылардан orggeo.ru ресми сайтында өздігінен жарысқа тіркелуі сұралады.

III. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 24 - 26 қазан күндері Орал қаласының аумағында өтеді. Қатысушылардың келу күні 24 ақпан сағат 14.00 – ге дейін.

IV. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық және қалалық балалар – жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары, аудан командалары, мектеп оқушылары және ұстаздары, ІІБ және КҚ өкілдері, колледж және ЖОО студенттері, оқытушылары қатыса алады. Командаларға өзге аудандардан немесе оқу орындарынан спортшылармен толықтырып қатыстыруына рұқсат етіледі.

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшеліктері:

MW 18-20 (2009-2008-2007 ж.т. – ұл, қыз)

MW21E (2006 ж.т. жоғары – ер, әйел)

MW31 (1994 ж.т. жоғары – ер, әйел)

MW41 (1984 ж.т. жоғары – ер, әйел)

Қатысушылар саны шектеусіз. Жалпы командалық есепке әр жас ерекшелігінен үздік спортшының ұпайы алынады.

V. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 3 күн өтеді. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары: тұсбағдар (компас), ыңғайлы киімі болғаны дұрыс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
---	-------------------	---------------------------	----------------	--------------	--------------	--------------------

(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

- әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Алдын ала сұранысты 23 қазан сағат 18.00 ге дейін міндетті түрде жіберу керек!!!

Жарысқа алдын-ала сұраныстарды онлайн түрде орgeo сайтына өздігінен тіркеледі немесе WhatsApp желісіне жіберу арқылы команда жетекшілері тіркейді. Жарыс бағдарламасын орындау үшін БҚО спорттық бағдарлау федерациясына старттық жарна төленеді.

Бір қашықтық картасының құны: МЖ18-20 = 500 тг. МЖ21Е-МЖ31-МЖ41 = 1000 тг.

VI. Жарыс бағдарламасы

24.10.2025

14:00 – Командалардың келуі, тіркелуі.

15:00 – Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында Батыс Қазақстан облысы чемпионатының ашылу салтанаты.

16:00 – СПРИНТ қашықтығы бойынша старттың басталуы (Мичурин ш.а – Асан а.о аумағы)

25.10.2025

11:00 – Ұзақ қашықтығы бойынша старт (Жазира ш.а)

16:00 – Батыс Қазақстан облысы спорттық бағдарлау жаттықтырушыларның жиналысы. Төрешілер алқасының отырысы.

22:00 – Түнгі бағдарлау қашықтығы бойынша старт (Стелла саябағы н/е хан тоғайы)

26.10.2025

10:00 – ОРТА масстарт қашықтығы бойынша старттың басталуы (БОР ТАУ н/е ЖАҢА КӨПІР аймағы)

15:00 – Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында, Батыс Қазақстан облысы чемпионатының жабылу салтанаты. Марапаттау рәсімі.

VII. Марапаттау

Жас мөлшері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаз командалар Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының дипломдарымен, медальдарымен, кубоктарымен марапатталады. Спринт және түнгі бағдарлау қашықтықтарының нәтижелері қосылып бір қашықтық есебінде марапталады.



VIII. Қаржыландыру

Жарыс дипломдары, медальдары, төрешілердің еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жайық Арена» спорт клубының есебінен. Жарысқа қатысушылардың шығындары мен жарыс картасын алу өздерінен немесе жіберуші мекеме есебінен.

Координаторлар:

Нурманов Райлан Ерсайынұлы жарыстың бас төрешісі 8 777 6717546

Сағыналин Ерлан Русланұлы жарыстың бас хатшысы тел: 87077861998

Төрешілер жарыс ережесіне аздаған өзгерістер енгізуіне құқылы!

